

Қазақстан Республикасында меншіктің барлық нысанының күзеті саласындағы қызметті реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 тамыз 1993 ж. N 671. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.11.10. N 1433 қаулысымен. ~P011433

Құқық тәртібі мен заңдылықты нығайту, меншіктің барлық нысандарын қылмыстық қол сұғушылықтан сенімді түрде қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының жанындағы күзет қызметі туралы Ереже (N 1 қосымша);

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының міндетті түрде қорғауына жататын мемлекеттік объектілердің Тізбесі (N 2 қосымша) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне өз құзыры шегінде мемлекеттік емес күзет құрамаларының қызметін бақылауды жүзеге асыру жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі аталған бақылауды жүзеге асырудың тәртібін белгілесін, мүдделі министрліктермен және ведомстволардың келісімін алып, бекітсін.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, министрліктер мен ведомстволар осы қаулымен бекітілген Тізбеге қатаң сәйкес мемлекеттік объектілердің ішкі істер органдарының күзетуіне берілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 12 мамырдағы "Қазақ ССР Қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігінің милиция органдары жанындағы ведомстводан тыс күзет жөніндегі Ережені бекіту туралы" N 334 қаулысы;

"СССР Министрлер Советінің "Халық шаруашылығы объектілерін күзетуді одан әрі реттеу және оларды күзеттің техникалық құралдарымен жарақтандыру жөніндегі шаралар туралы" 1987 жылғы 4 тамыздағы N 877 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 11 қыркүйектегі N 419 қаулысы

күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 4 тамыздағы
N 671 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының
жанындағы күзет қызметі туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жанындағы күзет қызметі (бұдан әрі - күзет қызметі) ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, соның ішінде шетелдіктердің де, және азаматтардың материалдық және ақшалай құндылықтарына қылмыстық қол сұғудан объектілерді, оқшауланған үй-жайлар мен пәтерлерді күзету арқылы қорғауға, шарттық негізде өзге де күзет қызметін көрсетуге арналған.

1.2. Күзет қызметінің бөлімшелері Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

1.3. Күзет қызметі құрылымы жағынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жанындағы Бас күзет басқармасынан, ішкі істердің аумақтық органдары жанындағы басқармалардан, бөлімдерден, бөлімшелерден тұрады. Күзет қызметінің құрылымдық бөлімшелері заңды ұйымдар болып табылады, олар өз атынан шарттар жасай алады, төрелік және халық соттарында талапкер әрі жауапкер бола алады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, дербес балансы, Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде ағымдық есепшоттары болады, қаржы-шаруашылық қызметін өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру принциптерінде ұйымдастырады.

1.4. Күзет қызметі өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан

Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің актілерін және жергілікті өкімет органдарының шешімдерін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.5. Күзет қызметі өзінің құзыры шеңберінде қаржы-шаруашылық және шарттық қызметтің мәселелерін дербес шешеді.

1.6. Күзет қызметінің бөлімшелерін қаржыландыру шарттар бойынша меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан, азаматтардан келіп түсетін арнайы (бюджеттен тыс) қаражаттың, сондай-ақ қызметтің басқа да түрлерінен алынатын табыстардың есебінен жүзеге асырылады.

Объектілерді қорғағаны үшін және басқа да қызметтерді көрсеткені үшін ақы төлеу тарифтер бойынша да, экономикалық жағынан негізделген шығындар ескерілген шартты бағалар бойынша да жүзеге асырыла алады.

1.7. Күзет қызметінің бөлімшелері зейнетақы қорына ақша аударуды және әлеуметтік сақтандыру жөніндегі есеп айырысуды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Күзет қызметінің қарамағында қалатын қаражат алынуға жатпайды. Ол есепшотқа жиналады да материалдық-техникалық базаны дамытуға, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалады.

Пайдаланылмаған қаражаттың қалдығы есебінен резерв қорына ақша аударылады, содан келтірілген зиянның орны толтырылады.

1.8. Күзет қызметі өзіне жүктелген міндеттерді Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің құрылымдық бөлімшелерімен, басқа да құқық қорғау органдарымен, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен, еңбек ұжымдарымен және халықпен өзара іс-қимыл жасай отырып шешеді.

II. Күзетті ұйымдастыру

2.1. Ішкі істер органдары жанындағы күзет қызметі қалаларда, жұмысшы поселкелерінде, аудан орталықтарында ұйымдастырылады және милиция, әскерлендірілген әрі күзет бөлімшелерінен, сондай-ақ инженер-техникалық, басқару және қызмет көрсету қызметкерлерінен тұрады.

2.2. Республика аумағында күзет қызметінің бөлімшелерін құруды, қайта құруды және жоюды Ішкі істер министрлігі жүзеге асырады.

2.3. Күзет қызметі бөлімшелерінің құрылымын, штатын, материалдық құндылықтардың тиесілі нормасын және сметалық қаржыландыруды Қазақстан Республикасы Ішкі істері жанындағы Бас күзет басқармасы бекітеді және

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі.

2.4. Күзет қызметінің құрамына:

- күзетілетін объектілерден келіп түскен дабыл белгісіне жедел құлақ асуды жүзеге асыратын және құқық бұзушыларды ұстайтын бөлімшелер мен милиция нарядтары;
- белгі беру құралдарын монтаждау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырумен және орындаумен, оларға техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын инженер-техник қызметкерлер мен күзет-өрт белгі беру электромонтерлері;
- әкімшілік-басқару қызметкерлері мен көмекші қызметшілер;
- объектілерді қорғау милиция нарядының күшімен ұйымдастыру мүмкін болмаған, бірақ бұларда бақылау-өткізу режимін қамтамасыз етудің қажеттігі бар жағдайда бұларды күзететін әскерилендірілген және күзет бөлімшелері кіреді.

Әскерилендірілген күзеттің жеке құрамы басшы (аға, орта, кіші) және қатардағы құрамға бөлінеді. Лауазымдардың номенклатурасын Ішкі істер министрлігі белгілейді.

Әскерилендірілген бөлімшелер иір ойықты ату қаруымен, тегіс оқпанды күзет (қажет болған жағдайда) құралымен, ал жекелеген жағдайда иір ойықты атыс құралымен қаруланады.

Қару-жарақ пен оқ-дәріні беру, сақтау және есепке алу белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2.5. Күзеттің түрі, оның адам саны, орналасуы, бекеттердің саны және күзеткені үшін ақы төлеуі әрбір нақтылы объекті үшін шартты негізде белгіленеді.

2.6. Күзет қызметіндегі милиция қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Қатардағы және басшы құрамының қызмет өтеуі туралы ережесі қолданылады.

III. Күзет қызметінің негізгі мақсаттары мен міндеттері

3.1. Күзет қызметіне:

- шарттар негізінде меншіктің барлық нысандарындағы объектілерді қылмыстық қол сұғудан қорғауды, сондай-ақ шарттарда көзделген күзет қызметін көрсетуді ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың заңды мүдделерін қорғау және қолда бар шарттарға сәйкес бағалы жүктерді апарысу жөніндегі арнайы бөлімшелерді құру;
- меншіктің барлық нысандарындағы объектілерді күзетуді реттеу мен жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

- министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және лауазымды адамдардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітілген және мүліктік қылмысты болғызбауға бағытталған ережелерді, нормалар мен стандарттарды сақтауына бақылау жасауды ұйымдастыру;

- меншікті қылмыстық қол сұғудан қорғауды қамтамасыз ету талаптарын белгілейтін ережелерді, нормалар мен стандарттарды, сондай-ақ күзет қызметін реттейтін үлгі - нұсқауларды, шарттарды, техникалық талаптарды және өзге де құжаттарды әзірлеу мен келісу;

- күзет құралдары мен автоматтандырылған жүйелерін жасау, оларды өнеркәсіптік игеру, өндіру, сапасына бақылау жасау, пайдалану тактикасы, оларды енгізу мен пайдалану қызметі саласындағы біртұтас техникалық саясатты қамтамасыз ету;

- халықаралық талаптар мен нормалардың негізінде күзеттік белгі беру құралдарының мемлекеттік стандарттары кешенін жасау. Белгі беру құралдарын стандарттау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

- объектілерді қорғауды ұйымдастыру мәселелері бойынша, соның ішінде жобалау кезеңінде кеңес беру, кәсіпорындарды, ғимараттарды, үйлерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларға қатысу;

- күзетілетін объектілерді белгі беру құралдарымен жабдықтау жөніндегі монтаждау жұмыстарының орындалуына техникалық қадағалау жасалуын, оларды пайдалануға қабылдауды, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыру. Осы жұмыстарды күзетілмейтін объектілерде шарттық негізде жүргізу;

- күзеттің техникалық құралдарын бірлесіп әзірлеу, өндіру, монтаждау және қызмет көрсету саласында шетелдік фирмалармен іскерлік ынтымақтастықты дамыту;

- күзеттің техникалық құралдарының шетелдік үлгілерін сынауды және оларды республикада қолдануға сертификаттар беруді қамтамасыз ету;

- ведомстволық нормалар мен құжаттардың жобалары бойынша қорытындылар әзірлеу міндеттері жүктеледі.

3.2. Күзетілетін объектілерде, күзет нарядтары қамтитын аймақтарда құқық бұзушылықтардан сақтандыру.

3.3. Шетелдік өкілдіктер мен фирмалар орналасқан, шет ел азаматтары тұрып жатқан объектілердегі күзеттің техникалық құралдарына қызмет көрсету.

IV. Күзет қызметінің құқықтары

4.1. Күзет қызметінің:

- негізгі қорларды, автотокөлікті, жабдықтарды, есептеу техникасы

құралдарын, күзет-өрт белгі беру аппаратурасын, құралдары мен басқа да мүлікті қоса алғанда, сатып алуға;

- кәсіпорындар, соның ішінде күзеттің техникалық құралдарын жасауға және сериялап шығаруға, объектілерді белгі беру құралдарымен жабдықтау жөніндегі монтаждау-іске қосу жұмыстарына және меншік иелеріне күзет жөніндегі басқа да қызметтер көрсетуге мамандандырылған бірлескен кәсіпорындар құруға;

- күзет-өрт белгісін беру аппаратурасын, техникалық құралдар мен басқа да материалдарды бөтен ұйымдарға шартты бағалар бойынша сатуға;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің мекемелерінде есепшоттар ашуға және несиелер алуға;

- қалған еркін қаражатты материалдық көтермелеу мен тұрғын үй құрылысы үшін, әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсауға;

- аукциондарға, түрлі биржалық сауда-саттықтарына қатысуға;

- материалдық және ақшалай құндылықтардың сақталуы үшін жауапты кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларына, басқа да лауазымды адамдарға күзетілетін объектілерден ұрлауға және жымқырып кетуге жағдай туғызатын ереже бұзушылықты жою жөніндегі орындауға міндетті ұйғарымдарды жіберуге, шаралар қолданылмаған жағдайда кінәлі адамдарды қолданылып жүрген заңдарда көзделген жауапкершілікке тартуға құқы бар.

V. Күзет қызметкерлерінің міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі

5.1. Күзет қызметкерлері:

- меншіктің барлық нысандарындағы объектілерді талан-таражға түсуден және бөгде адамдардың кіріп кетуінен сақтауды қамтамасыз етуге;

- қызмет өткерген жерлерді қылмыс жасаудан және басқа да құқық бұзушылықтан сақтандыруға және жолын кесуге;

- күзетілетін объектілерде ішкі істер органдарымен, әкімшілікпен, қоғамдық ұйымдармен ұрлықтың және жымқырып кетудің алдын алу, құқық бұзушыларды ұстау жөніндегі шараларды, материалдық құндылықтардың сақталу жағдайына тексеруді өз бетімен жүргізуге және соларға қатысуға;

- күзетілетін объектілердегі өртті немесе тұтанып жатқанын аңғарған кезде бұл туралы өрт күзетінің бөлімшесіне хабарлауға;

- күзетілген объектілерге хауіп төндіретін табиғат апаттарына қарсы күреске қатысуға, жапа шеккен адамдарға алғашқы жәрдем көрсетуге;

- қызметтік құпияны сақтауға міндетті.

5.2. Күзет қызметкерлерінің өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде:

- күзетілетін объектілердің қызметкерлерінен рұқсат беру мен объектінің ішкі режимдерін сақтауды, күзет наряды қызмет атқаратын жерлерде азаматтардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге;

- күзетілетін объектілерге қылмыстық қол сұғумен және басқа да құқық бұзушылықпен байланысты әрекеттер жасаған адамдарды ұстауға, жеке басын анықтау үшін күзеттің қызмет бөлмесіне жеткізуге, хаттамалар жасауға және ішкі істер органдарына тапсыруға;

- көлік құралдарын қарап шығуға және күзетілетін объектінің аумағына әкелінетін, одан әкетілетін жүктердің товар-көлік құжаттарына сәйкестігін тексеруге;

- ұрлық жолын кесу және ұрланған заттарды қайтарып алу мақсатымен көлік құралдарын және күзетілетін объектінің үйінде немесе аумағында жүрген азаматтарды заңда белгіленген тәртіппен қарап шығуға;

- ұрланған мүлікті табу мен тартып алу үшін нормативтік актілерде көзделген техникалық құралдарды пайдалануға, құқыққа қарсы әрекеттерді бейнелеу үшін фотосуретке түсіруді, таспаға жазып алуды, кино-бейне түсірімін қолдануға;

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қаруды және арнайы құралдарды қолдануға, қызмет және күзет иттерін пайдалануға;

- жеке басының хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жекелей қорғаныс және белсенді қорғану құралдарын пайдалануға құқықтары бар.

5.3. Өздеріне жүктелген міндеттерді орындамағаны үшін қызметтің кінәлі қызметкерлері заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық, әкімшілік, материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

VI. Шарттық қатынастар

6.1. Күзет қызметінің меншік иелерімен өзара қарым-қатынасы және тараптардың жауапкершілігі қолданылып жүрген заңдармен, осы Ережемен, сондай-ақ жасалатын шарттармен реттеледі.

6.2. Объектілерді тиісінше техникалық жағынан нығайтуды қамтамасыз ету, оларды белгі беру құралдарымен жабдықтау және осы құралдарды жөндеу меншік иелерінің есебінен жүргізіледі.

Күзетілетін объектілерде меншік иелері құрал-жабдықтары бар қызмет және қосалқы бөлме жайларды тегін береді, сондай-ақ радио мен телефон байланысын, сумен жабдықтауды, жарық беруді, осы бөлме-жайларды жөндеуді және күзет қызметінің хауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемелерді, шетелдік елшіліктерді және дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі бөлімшелерге бұған қоса автокөлік тегін бөлінеді.

VII. Әлеуметтік-тұрмыстық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

7.1. Ішкі істер органдары жанындағы күзет қызметі бөлімшелерінің қызметкерлері мен олардың отбасыларының мүшелері емхана, аурухана, санаторий, демалыс үйлері, пионер лагерьлері, балабақшалар қызметін күзетілетін объектілердің жұмысшыларымен және қызметшілерімен бірдей жалпы негізде пайдаланады.

7.2. Жағдайы денсаулыққа зиянды объектілерде қызмет атқаратын ішкі істер органдары жанындағы күзет қызметі бөлімшелерінің қызметкерлері осы объектілердің жұмысшылары мен қызметшілері үшін көзделген тиісті жеңілдіктер мен артықшылықтарды күзет қызметінің қаражаты есебінен пайдаланады.

7.3. Милицияның қатардағы және басшы құрамының арнайы атағы жоқ күзет қызметінің қызметкерлеріне ішкі істер органдарында үздіксіз жұмыс істегені үшін проценттік үстеме тағайындалады.

7.4. Әкімшілікті және орталықтандырылған күзет пункттерін орналастыру үшін, материалдық-техникалық құралдарды, қарулар мен автотөмкерлерді сақтау үшін күзет қызметінің бөлімшелеріне қызметтік үй-жайларын жергілікті атқару органдары бөледі.

7.5. Күзет қызметінің бөлімшелеріне арналған қызмет ғимараттары мен үй-жайларын салу Республика Ішкі істер министрлігінің күрделі қаржысы есебінен, сондай-ақ басқа ұйымдардың үлестік қатысуы есебінен жүзеге асырыла алады.

7.6. Күзет қызметкерлеріне тұрғын үй алаңы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген үй заңдарына сәйкес беріледі.

7.7. Күзет қару-жарақпен және оқ-дәрімен, арнайы киіммен және көлікпен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Бас күзет басқармасы арқылы қамтамасыз етіледі.

Күзет қызметінің бөлшек сауда бағасы бойынша материалдық құндылықтарды сатып алуға, сондай-ақ басқа ұйымдармен оларды ауыстырып алуға құқы бар.

Ескерту: 7.1. және 7.2. тармақтары объектілерді тікелей күзету ісімен айналысатын қызметкерлерге қатысты.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 4 тамыздағы
N 671 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының
міндетті түрде қорғауына жататын мемлекеттік объектілердің
Тізбесі

Қазақстан Республикасының жоғары және жергілікті өкілетті және атқару органдарының ғимараттары.

Мемлекеттік мекемелердің ғимараттары мен үйлері.

Шетелдік елшіліктер, дипломатиялық өкілдіктер мен консулдықтар.

Қазақстан аумағында орналасқан банктердің мекемелері.

Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ақша кассалары.

Қару-жаракты, оқ-дәріні, қопарғыш заттар мен материалдарды өндіретін және сақтайтын объектілер.

Микробиология және дәрі-дәрмек өнеркәсібінің, сондай-ақ есірткілі, улағыш заттарды, қатты әсер ететін улар мен химикаттарды, жүйкені қоздыратын, радиоактивті заттар мен препараттарды ұқсату мен сақтау жөніндегі объектілер.

Бағалы металдарды қазып алу, өңдеу, пайдалану және сақтау, олардан жасалатын бұйымдарды және басқа валюталық құндылықтарды сақтау кәсіпорындары.

Тарихи-мәдени құндылықтар сақталатын музейлер, кітапханалар мен басқа мәдени-ағарту мекемелері, архивтер, халықаралық және мемлекеттік маңызы бар архитектуралық-мемориалдық кешендер.

Ірі гидротехникалық құрылыстар, су қоймаларының бөлгіштері, тоннельдер, су өткізу станциялары және тіршілікті қамтамасыз ететін басқа да объектілер.

Республика аумағында орналасқан жұмылдырушылық резервтің қоймалары.

Киностудиялар, телевизия және радио орталықтары, телефон станциялары, телеграфтар, почтампттар, байланыс тораптары.

Ғылым академиясының, Ішкі істер министрлігінің, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, Өнеркәсіп министрлігінің, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Сыртқы

істер министрлігінің, Сауда министрлігінің, Көлік министрлігінің, Қаржы министрлігінің, сондай-ақ мемлекеттік комитеттердің, компаниялардың, концерндердің, корпорациялардың, бірлестіктердің, қауымдастықтардың, одақтар мен трестердің объектілері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК